

Г.Т. Жиёмбаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: zgulbahram@mail.ru)

Танзимат әдебиетінің танымал өкілі Намык Кемал шығармаларындағы жаңа сарындар

Аңдатпа. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бастапқы кезеңдеріндегі азаттық-ағартушылық қозғалыстар түркі халықтарының саяси, қоғамдық-әлеуметтік ой-саналарының артуына түрткі болды. Сол кезеңнің ақын-жазушылары үлкен құлшыныспен жаңашыл идеяларды жаюға тырысты. Соның негізінде әдебиеттердің тақырыптық мазмұны кеңейіп, көркемдік деңгейлері өсті. Түркі халықтары әдебиетінде бұған дейін жазылып келген романтикалық шығармалардың орнын шынайы өмірмен, тұрмыс-тіршілікпен, қоршаған ортамен байланысты реалистік бағыттағы туындылар басты.

Түрік қоғамының рухани өмірінің оянуына үлкен әсер қалдырған Танзимат кезеңінің түрік әдебиеті тарихында алатын орны ерекше. Танзимат кезеңі ақын-жазушыларының барлығы дерлік батысшыл, жаңашыл, білім мен ғылымды жақтаушы зиялы қауым өкілдерінен құралған болатын. Осы кезеңнің ең танымал өкілдерінің бірі Н. Кемал ақын, жазушы, журналист, драматург, сыншы, яғни жан-жақты «сегіз қырлы бір сырлы» болды. Н. Кемал өз еңбектерінде қоғамдық, саяси, әлеуметтік тақырыптарды кеңінен қарастырып, Танзимат кезеңінің басқа да өкілдері сияқты елін артта қалушылықтан, сауатсыздықтан, надандықтан құтқаруға тырысты. Сондықтан да өз шығармаларында түрік халқының рухани құндылықтарына мән беріп, дін мен өркениетті қайнастырып бітістіруге тырысты.

Аталған мақалада Танзимат әдебиетінің танымал өкілі Намык Кемал шығармаларында кеңінен қарастырылған «Отан, ұлт, бостандық, теңдік, білім» ұғымдары пайымдалады.

Түйін сөздер: Н. Кемал, Танзимат әдебиеті, Отан, ұлт, бостандық, білім.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-144-3-211-218>

Түсті: 22.11.2022 / Жариялауға қабылданды: 10.04.2023

Кіріспе

Түрік әдебиеті тарихында XIX ғасырдың алатын орны ерекше. Бұл феодалдық кезеңдегі сарай поэзиясының біртіндеп әлсіреп, буржуазиялық қоғам әдебиетінің пайда болып келе жатқан өтпелі кезеңі еді. Осы кезеңдерде түрік еліндегі поэзия арабтың, әсіресе, парсының үлгісін қайталаса, капиталистік қарым-қатынастардың дамуы, елдің батысқа бағыт алуымен әдебиетте батыс еуропалық мәдениетті жақтаушылардың күшті ағыны бой көтере бастады.

Батыс әсеріндегі ағартушылық бағыттағы Танзимат әдебиеті қоғамдық

және рухани өмірдің оянуына, серпілісіне негіз салып берді. Батыстану және оның бір бөлігі болып саналатын Танзимат реформасы, Танзимат әдебиеті көп жазылып, көп пікірталасқа ие болған тақырыптардан бірі десек те болады. Белгілі ғалым Ахмет Хамди Танпынар Танзимат туралы «Императорлық ғасырлар бойы өзі өмір сүріп келген өркениет шеңберінен шығып күрескерлікке сүйенген басқа өркениеттің ішіне кіргендігін жариялады және оның құндылықтарын ашық түрде қабылдады» [1, 97], – дейді.

Танзимат әдебиеті – антифеодалдық идеологияға қарсы, Ата заңды жақтаушы,

сұлтандық үкіметке қарсы кезеңде дамыған әдебиет. Танзимат әдебиетінің бірінші кезеңіндегі шығармаларда қоғамдағы, жанұядағы зұлымдыққа қарсылық, феодалдық-мұсылмандық тұрмыс салтын сынау, жеке бостандық үшін күреске шақыру, халық өміріндегі ағартушылық және білімнің белсенді рөлі т.б. кеңінен қамтылған.

Түрік әдебиеті тарихында Танзимат әдебиеті деп аталатын ағартушылық кезеңде қоғамдық мәселелер, саясат, тарих тақырыптары кеңінен қарастырылды. Сол кезеңдегі Танзимат әдебиетінің алдыңғы қатарлы өкілдері Шинаси, Намык Кемал, Зия Паша бастаған қаламгерлер шығармашылықтарының басты арналарын ағартушылық, жаңашылдық мәселелеріне қарай бұрды. Олар өз шығармашылықтары арқылы осы үрдіске белсене атсалысып, қомақты үлестерін қосты. Танзимат кезеңінде жаңа типтегі, жаңа рухтағы, жаңа ғылым-білімді меңгерген озық ойлы ұлт зиялыларының қалыптасқандығын байқау қиын емес. Сол кезеңдегі Осман мемлекетінің басындағы қиындықтар ұлт зиялыларының қолына қалам алғызып, халықты оятуларына түрткі болды.

Түрік халықтары ағартушылық кезеңінде өркендеуге, оянуға, ағаруға, өз құқығын қорғауға аяқ басты. Бұл құбылыстың бәрі әдебиетте көрініс тапты. Ұлт зиялыларының мақсаты – халқының ұлттық рухын оятып, жақсы мен жаманның, білім мен сауатсыздықтың, әділдік пен әділетсіздіктің парқын аңғарту еді. Осы кезеңде қалайда халықты ояту, сана-сезіміне, жүрегіне әсер ету жолында көптеген шығармалар жазылды.

Материалдар және зерттеу әдістері

Аталған тақырыпты зерттеу барысында Н.Кемалдың әдеби шығармалары мен мақалалары, А.Х. Танпынар, З. Керман, М. Каплан, О.Окай т.б. танымал түрік ғалымдарының еңбектері, сонымен қатар «Түрклер» атты бірнеше томдық еңбек пайдаланылды.

Жұмыстың сипатына қарай аталған мақалада негізінен сипаттау, мәтіндік талдау және жалпылау әдістері қолданылды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Түрік Танзимат әдебиетінің танымал өкілі Н. Кемалдың өмірі, шығармашылығы туралы И. Хикмет, А. Екрем, К. Акйүз, М. Анд, И. Енгүнүн, И. Парлатыр, А. Йалчын, А. Кабаклы, Р. Коркмаз, Н.С. Банарлы, Х. Диздароглу, А. Екрем, М. Каплан, Ф.А. Тансел т.б. көптеген түрік ғалымдары өз еңбектерінде қарастырған. Кеңестік кезеңде И.В. Боролина, Н.А. Дулина, Н.А. Айзенштейн, В.С. Гарбузова, Р.Г. Фиш, К. Кямилев, А. Бабаев, Е.И. Маштакова т.б. ғалымдар түрік әдебиетінің даму кезеңдері, танымал өкілдері және шығармаларын қарастырды.

Талдау

Жаңару кезеңі болып саналатын Танзиматтан кейін Осман императорлығында басталған жаңашыл қозғалыстардың алғы сапында орын алған аса ірі тұлғалардан бірі, қоғам қайраткері, жазушы Намык Кемал (1840-1888) еді. Намык Кемал 17 жасында аударма контторына қызметке кіріп, 22 жасында «Тасвир-и Ефкар» (Пікірді суреттеу, 1862) газетіне жаза бастайды. Танзимат әдебиетінің өкілі Шинасимен де осы жерде танысады. Шинасимен таныстық жас Кемалдың ой-санасын, ескі өлең стилін өзгертіп, жаңа бір әлемге енгендей әсер қалдырады. Ізденгіш жан жас кезінен бастап Вольтер, Монтескье, В. Гюго және Воклейдің шығармаларын оқып, аударма жасайды. Батыстағы ағартушылық қозғалысының идеялары оған үлкен әсерін тигізеді. Ағартушы әдебиетті «қоғамды ояту құралы», – деп санады. Журналистикаға және драматургияға да сол себептен үлкен мән берді. Түрік прозасына суреттеу жаңалығын әкеліп, «Отан, ұлт бостандық, тәуелсіздік» ұғымдарын әдебиетке енгізеді.

Н. Кемал әдебиетті және өнерді көбіне эстетикалық тұрғыдан емес, қоғам мүддесі тұрғысынан қарастырады. Ескі әдебиетке қарсы шығып, жаңа әдебиетті қолдайды. Бір жағынан тілдің қарапайым болуын жақтаса, екінші жағынан «араб, парсы тілдерін түрік тілінің қайнар көзі» ретінде бағалайды. Бұл да жазушының ескі әдебиеттің әсерінен

толығырақ арылмағандығын көрсетеді. Н. Кемал Танзимат әдебиетінің негізін салушы Шинасимен танысқаннан кейін классикалық әдебиеттің ықпалынан құтылып қоғамға, өмірге, батыс әлеміне бағыт алады. Ой-пікірі батысты жақтап, әлеуметтікмазмұндаөлеңдержазбабастайды. Оның өлеңдерінде түр, эстетикалық рух – ескі, бірақ пікірі, сезімі, өмірге көзқарасы – жаңа. Жазушы батыспен танысқаннан кейін өмірінің соңына дейін жаңа, заманына сай әдебиет құру және идеяларын жаю үшін поэзия, проза, драматургия жанрында бірнеше шығармалар жазады. Ағартушы «Ислам-осман саяси идеясынан алыстамай оны батыс саяси идеясымен түйістіруді» жақтап, батыс мәдениетін алумен қатар оның шығыстық түбіріне де мән беруге тырысты. Түрік зиялыларының *selected works* ң басым көпшілігі Еуропа бағытын ұстанса да, төл дәстүрден қол үзген емес еді.

Адамзат үшін аса құнды саналатын «отан сүйіспеншілігі, бостандық» оның «Отан» мақаласында, «Отан өлеңі», «Отан касидесі» сияқты поэмаларында, «Отан немесе Силистре» пьесасында аса ыждағаттылықпен қарастырылған. Н. Кемал Танзимат әдебиетінің өкілі А. Хамитке жазған бір хатында «батыстан ақылгөй өлеңдерді емес, отан өлеңдерін алу қажет» [2, 42] –дейді. Н. Кемалдың ең үлкен қызметі отан сүйіспеншілігі, ұлттық сезім және бостандық сүйіспеншілігін өлеңге енгізуі еді. Ол отансүйгіштік сезімін асқақтата жырлап түрік әдебиетінде алғаш рет «отан ақыны» атанған ақын.

Н. Кемал «Бостандық – Осман жерінің тұтастығы үшін өте үлкен маңызға ие. ... бостандық, құқық, әділет және теңдік Османнан бөлек шыққысы келетін этникалық топтарды біріктіреді» [3, 525], – деген пікір білдіреді. Бостандықты тарихи, саяси жағдайды нығайтатын құрал ретінде бағалаған қайраткер бостандық сезімі саналы адамдарда туғаннан болатын сезім екендігіне тоқталады [3, 185]. Түрік ақыны Шинаси «Ұлтым – жаңа адам, отаным – жер беті», – деп ұлт және ұлттық отан ұғымын бір шетке ысырса, Намык Кемал бұл пікірге қарсы «діні иманымен қайнасаң, тұтастырушы отанды» жақтайды [3, 58]. «Отан сүйіспеншілігі – иманда»

мақаласында дін мен дәстүрді біріктіру жолымен жасалған отан идеясын қалайды. «Ата-бабаларымыз қанын төгіп, жанын пида қылып, бізге мирас қалдырған отан топырағы – тіл, ой-пікір, сүйіспеншілік бірлігі бар ұлттың өмір сүріп жатқан қасиетті жері. Жер бетінде өмір сүріп жатқан әр ұлттың еркін, өз отаны бар. Ортақ отан деген болмауы керек» [4, 88], – дейді.

Н. Кемал «Отан» мақаласында Шинасидің жоғарыда берілген бәйітін еске алып адамзаттың тұтастығы үшін отан ұғымын алып тастауға тырысудың ақыретте рақаттану үмітімен өзін-өзі өлтірумен тең екендігін, «отанды жүрегінен, көңілінен шығару – адамның қорғау қаруын қолынан алу» [4, 232], – деп ой түйеді. Сонымен бірге «Адам отанын сүйеді, өйткені құдіреттің сыйы, ең қасиетті өмірді – отанның ауасымен дем алудан бастаймыз. Әрқашанда өзімізге тән, өзімізге арналған деп білеміз. Әрқашан да өзімізден артығырақ сүйеміз,

оның жолында жанымызды береміз» [4, 57], – деп отан сүйіспеншілігін асқақтата түседі. Қазақтың біртуар азаматы М. Шоқай да отаншылдық туралы жазған бір мақаласында алдағы болашақ үшін күресуді үндеп: «Нағыз Түркістан ұлтшылы енді қайтып оралмайтын күндер мен бастан кешкендерді ойлап, сары уайымға салынбайды. Ол қашан да өз халқының болашағы хақында ойлап, сол үшін қызмет ететін болады» [5, 39], – деп жазған болатын.

Н. Кемал өмірінің алғашқы кезеңінде классикалық жанрда көптеген өлеңдер жазғанына қарамастан оның ең әдемі, ең жақсы танылған шығармалары жаңа стильде жазылған өлеңдері еді. Солардың ішінде әсіресе «Бостандық» касидесін ерекше атауға болады. Қайраткер алғаш рет «Бостандық» касидесі арқылы касиденің бағыты мен мазмұнын өзгертті. Ол оның «XIX ғасырдың ең батыл өлеңі» деп саналуға лайықты шығармасы. «Бостандық» касидесінде адам баласының бостандық сезімін, сенімін ешқандай зұлымдықтың жоқ қыла алмайтындығына сенеді. Ақын «Бостандық» касидесінің 16-шы бәйітінде: «Алып бір мемлекет шығардық бір рудан» [3, 238] деу арқылы бастапқыда кішкентай бір рудан шыққан Осман билігінің ерік-жігері арқасында қысқа уақытта әлемге үкімін

жүргізген мемлекетке айналғандығын мақтана жырлайды.

Бостандық туралы өзінің «Хүрриет-и Ефкар» (Пікір бостандығы) атты мақаласында барлық адам баласының дүниеге бостандықта келетіндігін және оның бостандықта өмір сүру құқығына ие екендігіне де тоқталады. Ол бостандықты «Алланың сыйы», ол барлық адамзат баласына берілген деген ой тарқатады. Н. Кемал «екі түрлі бостандық бар, біріншісі – адамның бостандығы, екіншісі – қоғамның бостандығы. Адамдардың бостандығы – заңдардың, қоғамның бостандығы – мемлекеттің қорғауында», – дейді. Н. Кемалдың Лондонда 1868 жылы Зия Пашамен бірігіп шығарған газеттерінің атын «Хүрриет» (Бостандық) қоюы кездейсоқтық еместігі ақиқат. Сол кезеңдердегі 1877-1878 осман-орыс соғысы, Босния-Герцеговина соғысы сияқты түрік қоғамына терең із салған оқиғалар оның өлеңдерінде жол тауып, халыққа үлкен әсер қалдырды. «Вавейла» (Айғай) және «Османлы айы» да тілі және стилі жағынан жаңаша түрде жазылған өлеңдер.

Түріктің атақты ақындарынан бірі Яхия Кемал отты сөздерімен жалындаған ақынның өлеңдері туралы «... нағыз ерше сөйлейді, бізді шығыс өлеңінің әйелденіп кеткен дауысынан құтқарды» [6, 3], – дейді. Шынымен де Танзимат кезеңінде әдебиет те өзгерді, әдебиет қағаз бетіндегі әдемі сөз қалпынан шығып сынның, идеяның, өмірдің мән-мағынасына айналды. Әдебиеттанушы-ғалым Мехмет Каплан «Н. Кемалмен бірге түрік әдебиеті, түрік қоғамының өзгере бастағандығын» [7, 29] баса айтады. Ақынның өлеңдеріндегі ұлтқа қызмет, бостандық, отанға адалдық сезімі қарсысында зұлымдық, әлсіздік, құлдық, менменшілдік те оның жек көретін нәрселері ретінде алға қойылады.

«Отан, ұлт, бостандық» сияқты тақырыптарда алғаш сөз қозғаған, осыларды өлгенге дейін қасиетті санаған және аталған құндылықтар жолында барын салып қаламымен қорғанып, күресіп келген Н. Кемалдың түрік тарихындағы алатын орны ерекше. Елдегі әскери, саяси, экономикалық, әлеуметтік құлдырауға кедергі келтіру мақсатында Осман мемлекетіне батыстық

мемлекеттер моделдері бойынша жаңаруды қалаған, өзі сенген идеология жолына өмірін арнаған ұлы идеалист, өзінің еңбектерімен тек қана зиялы қауымға ғана емес қарапайым халыққа да үлкен әсер ете білді. Танзиматтан кейінгі кезеңде жетілген басқа да түрік зиялылары сияқты ол да дәстүр мен жаңару арасында екі бағытты мәдениет пен әлем көзқарасын жақтады. Өз кезеңінің басқа да қайраткерлері сияқты Н. Кемалдың да бар тілегі ұлттық құндылықтардан айрылмай батыстану еді.

Журналист, ақын, жазушы, мемлекет қайраткері Н. Кемалдың білім мәселесіне де байланысты жазған бірнеше мақаласы бар. Оның мақалаларын оқыған кезімізде арадан қанша жылдар өтсе де әлі де көптеген жәйттердің, көптеген арман-тілектердің өзгермегендігін байқаймыз. Білім беру мәселесі бүгіндері де өзектілігін жоғалтпаған мәселелерден бірі десек еш қателеспейміз. Н. Кемал әдебиетке әлеуметтік және тәрбиелік қызмет жүктегендіктен әдеби шығармалары да білім беруді, тәрбиелеуді мақсат тұтады. Қайраткер сол кезеңдердегі газет беттеріне жарияланған мақалаларында білім беру ісіндегі көңіл қынжылтатын кемшін тұстарды әшкерлейді, Османлыдағы аз ұлттардың мектептері мен мұсылман мектептері арасында салыстырулар жасайды. Н. Кемал бір хатында «махалла мектебіне барып жүрген балалар 5-6 жыл ішінде екі жол жазуды да үйренбейді, аз ұлттардың мектептеріндегі тура сол жастағы балалар тура сондай уақытта оқуды да, жазуды да үйреніп шығады. Осыған қарап балаларды қабілетсіз деп айтуға болмайды. Балаларда еш кінә жоқ, жөнсіздік білім берудің, оқытудың тәсілінде» [4, 155], – деп өз қынжылысын білдіреді.

«Еуропадағы ағартушылықтың даму дәрежесін үстімізге киген көйлегімізден, қолданған сағатымыздан, жазу жазып отырған қағазымыздан, теңізде жүзіп жүрген кемелерден, қара жолда мініп жүрген трамвайлардан, теміржолдардан көреміз» [4, 546] деген Н. Кемал, ең алдымен техникалық өркениет құралдарына жету қажеттігін, ол үшін білімді, ғылымды үйрену керектігін жан-тәнімен қолдайды. Ол Еуропа елдерінде білімнің пайдасына сенгендіктен, адамдарды мектепке күштеп

апарудың қажеті жоқтығына тоқталады. «Ол жердегі адамдар тамақ жеуге, ішуге қалай ақша бөлсе, газетке, кітапқа, мектепке де сол дәрежеде ақша бөліп қояды», – дейді. Н. Кемал тағы бір мақаласында «алдымен халықты білімнің пайдасына сендіру керектігіне» тоқталады.

Отбасында жақсы тәлім-тәрбие көріп өскен бала қоғамдағы өзіне берілген міндетті де түйсіне орындайды. Н. Кемал мектептен бұрын үйінен алған білімді маңызды санайды. Н. Кемал әйелдердің білім алуына өте үлкен мән береді. «Бала тәрбиесі үшін ең басты жауапты адам – әйел, әйел тәрбиесіз болса, баласын қалай тәрбиелейді?» [4, 21], – деп сауал қояды. Н. Кемалдың «Отан немесе Силистре» пьесасындағы Зекие, «Желаледдин Харземшах» пьесасындағы Неирие, «Жезми» романындағы Перихан сияқты оқып, білім алған әйелдер қоғамның қажетіне жарау үшін ерлермен бірге еңбектенеді.

«Отан отбасынан басталады», ал отбасының иесі – әйел-ана. Яғни ұрпақтың ар-намысты, текті, жүрегі ояу болып өсу-өспеуініңөзiтiкелейананыңақсүтiне, бесiктен басталатын отбасы тәрбиесіне байланысты екенін Н. Кемал жақсы білді. Сондықтан да әйелдердің ар-намысты, көздері ашық, көкіректері ояу болуын насихаттап, соны тіледі. Н. Кемалдың «Отбасы», «Халық», «Даму», «Ағарту» сияқты мақалалары өзінен кейінгі әдебиетшілерге бағыт-бағдар берді. Ағартушы мақалаларында түрік халқының жартысын құрайтын әйелдердің тәрбиелі ұрпақты жетілдіруі үшін білім алуларын жан-тәнімен жақтады. Өйткені, ер бала болсын, қыз бала болсын, алғашқы тәрбиесін анасынан алады және де баланың бойынан осы анасынан алған тәрбиесін көруге болады.

Н. Кемал 1862 жылы «Тасвир-и Ефкар» газетінде жарияланған «Тәрбие туралы бірер сөз» атты мақаласында да әйел тәрбиесінің маңыздылығына тоқталады. Танзимат әдебиетінің танымал өкілі Ахмет Митхат та «әйел қаншалықты саналы, тәрбиелі болса жақсы отбасылар пайда болады», – дей келе әйелге қоғамда қажетті құндылықтың берілуін қалап Осман мемлекетіндегі отбасы құрылымын Еуропадағы отбасы құрылымымен салыстырады. Белгілі түрік

ғалымы Орхан Окай «Танзиматпен бірге Османлы қоғамында әйел мәселесінің қарастырылып қолға алынғандығын» [8, 159], – атап өтіп сол кезеңдерде әйелдердің қоғамдағы рөлдерінің өзгергендігі туралы да кеңінен мәліметтер бергендігін көреміз.

1683 жылдағы Вена жеңілісінен кейін Осман мемлекеті құлдырай бастады. Бұл жағдай отанын және ұлтын сүйетін басқа да Османдықтар секілді Н. Кемалды да ұлты мен мемлекетінің басындағы қиындықтар, одан құтылудың жолдары ойланып толғандырды. Шығыс мәселесі, Еуропа мемлекеттерінің Осман мемлекетіне араласуы, Гирит мәселесі, Османшылдық, Исламшылдық туралы жазылған мақалалары Н. Кемалдың даңқын арттырды. «Отан немесе Силистре», «Желаледдин Харземшах», «Жезми» және тарихи биографиялық шығармаларында да кейіпкерлері осы идеяларды жақтаушылар ретінде бейнеленеді. Халықаралық құқық, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас, елдегі басқа ұлт өкілдерінің жағдайларына байланысты мақалалары жарық көрді. Батыс өркениеті туралы «Теракки» газетінде жарияланған «Өркениет» атты мақаласында «өркениет деп Еуропадан барлығын алудың қажет еместігін өркениет үшін қытайлардың сүлік кәуабын алуға мұқтаж болмағанымыздай еуропалықтардың биіне де мәжбүр емеспіз» [4, 234] деген пікір білдіреді.

Қайраткер «Осман мемлекетінің басына түскен қиыншылықтардан құтылып, қайтадан күшеюі үшін Ислам бірлігі мен Османшылдық қозғалысы қолға алынуы қажет» [1, 97], пікірін қолдайды. Өйткені, әртүрлі дінге ие және әртүрлі тілде сөйлейтін Осман мемлекетін бөлініп кетуден құтқаратын екі негізгі элемент – «Ислам (дін) одағы» және «Осман ұлтшылдығы» еді. «Ислам одағы» болуының себебі Осман мемлекетіндегі мұсылмандар басқаларға қарағанда сан жағынан көп еді. «Османшылдық» – әртүрлі дінге ие болса да, түрлі тілде сөйлесе де бір жерде өмір сүріп жатқан және өздерін «Османдықпыз» деп таныстыратындардың Осман мемлекетінен бөлінбей, өз тіршілігін жалғастыруын қамтамасыз ететін идея еді. Н. Кемалдың «Ибрет» газетінде

жариялаған бірнеше мақалалары мен тек алғашқы томын жазған «Жезми» романы және «Желаледдин Харземшах» пьесасы да тікелей осы мәселе жайында қолға алған ең маңызды шығармасы еді [3, 231].

Танзимат әдебиетінің белді өкілі Намык Кемал өз кезеңінің идеологы ғана емес, әдеби жанрларда да өзінің жарқын көзқарасы, шығармаларымен жарқырап шыққан көшбасшысы болғандығы даусыз. «Әдебиеттің отаны жоқ» [2, 222] деп, әдебиетке үлкен бір көзқарас танытқан тұлға «Осман әдебиеті туралы кейбір ойлар» (Lisan-ı Osmaninin Edebiyatı hakkında bazı mülahazatı şamildir) атты түрік тілі және әдебиетінің сол кезеңдердегі мәселелерін жаңа көзқараспен қарастырған мақаласында әдебиеттің халыққа жақындауын, сөз өнерінің адамның идеясын білдіретін құрал екендігін, идеясы жоқ сөздің ешбір іске жарамайтындығын айтады. Оның ойынша «Әдебиетсіз ұлт – тілсіз адам санатында» [1, 81]. Қарапайым халық Диван әдебиетіндегі әдеби шығармалардың тілін түсінбейтін, сол себептен де әдебиеттің халыққа қандай да бір әсері де жоқ еді. Тілдің және әдебиеттің таза болмауынан халық сауатсыз қалды. Ол «әдебиеттің адамдардың сезімдерін тәрбиелеу, ұлттық бірлікті қамтамасыз ету, білім мен мәдениетті жаю» [4, 128] сияқты міндеттерінің болуы керектігін атап өтті.

Ғылыми дамудың тек қана дамыған, қызметке енгізілген тіл арқылы ғана мүмкін болатындығын, тілдің дамуының әдебиеттің дамуына байланысты екендігіне де тоқталады. Тіпті Осман мемлекетінің құлдырау себебін жақсы тілге ие болмауынан деп те түсіндіруге тырысады. Қаламның әрқашан да қылыштан жоғары екендігін, осыған байланысты әртүрлі мақсаттардың тек әдеби шығармалар арқылы жүзеге асырылатындығына да тоқталады.

Н. Кемалдың өзі де қарапайым тілмен жазбаса да, ескі тілді сынаумен болды.

Ол «Танзиматқа дейін әсіресе жазба тілі түсініксіз болып келді, осыған байланысты сол тілде айтылған идеяларды да түсіну мүмкін емес-ті» дейді. Аталған мақаласында ескі әдебиетті және ескі тілді сынаумен бірге жаңа әдебиеттің мәселелерін де алғаш рет кең көлемде қолға алған Н. Кемал бірнеше ұсыныстар жасайды.

Қорытынды

Н. Кемал «Отан, ұлт, бостандық, әділдік» ұғымдарын қоғамға жаюға тырысып, сол жолда еңбектеніп тер төкті, «өнер – қоғам үшін» көзқарасын жақтады. Н. Кемалдың шығыстық сарындағы Диван әдебиеті ақындарынан өзгешелігі – шығармаларын халыққа арнауға тырысуында еді. Ұлы тұлға әдебиет арқылы ұлтты өркендетуге, ел басына туған қиыншылықтардан шығатын жолды табуға, жаңа идеялармен сусындаған ұрпақты жетілдіруге тырысты. Қоғамға өз ой-пікірлерін, идеяларын жеткізу үшін қолынан келгенше қарапайым тілмен жазуға тырысты. Надандықтың құрсауында, қалың ұйқыда жатқан қоғамды оятып, елді дүр сілкіндіру үшін күшті әдебиет керек еді. Н. Кемалдың ойынша ол «батыс әдебиеті» болатын.

Қай елдің ақын-жазушысы болмасын, егер ол өз елін, халқын сүйетін азамат болса сол өзі өмір сүріп отырған кезеңнің шындығын, болмысын шығармаларында, еңбектерінде суреттемей қоймайды. Қарақан басының қамын ғана ойлап шындықты, әділдікті қарастырмай, өтірікке жол берсе ол ұлтының, халқының ұлы саналмайды. Танзимат кезеңінде отты өлеңдерімен халқына күш-жігер берген, шындықты айтып, әділдікті, бостандықты, теңдікті жырлаған Н. Кемал – өз дәуірінің бар шындығын көркем ой, кестелі тілмен өрнектеп бере алған қаламгер.

Әдебиеттер тізімі

1. Tanpınar A.H. XIX asır Türk Edebiyatı Tarihi. – İstanbul: Dergah, 2012. – 656 s.
2. Türkiye Türk Edebiyatı. – Ankara: Kültür Bakanlığı, 2002. – 341 s.
3. Dizdaroğlu H. Namık Kemal. – İstanbul: Milliyet, 1995. – 127 s.
4. Türkler. 15 cilt. – Ankara: Yeni Türkiye Yayınları, 2002. – 1716 s.
5. Шоқай М. Таңдамалы. II том. – Алматы: Қайнар, 1999. – 520 б.
6. Kerman Z. Yeni Türk Edebiyatı İncelemeleri. – Ankara: Akçağ yayınları, 1987. – 224 s.
7. Kaplan M. Şiir tahlilleri 1. Tanzimat'tan Cumhuriyet'e kadar. – İstanbul: Dergah, 2008. – 235 s.
8. Okay O. Batılalaşma Devri Türk Edebiyatı. – İstanbul: Dergah yayınları, 2005. – 272 s.

Г.Т. Жиёмбаева

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан*

Новые мотивы в произведениях известного представителя Танзиматской литературы Намык Кемала

Аннотация. Освободительно-просветительские движения конца XIX-начала XX веков стимулировали рост политической, общественно-социальной мысли тюркских народов. Поэты и писатели того периода с большим энтузиазмом старались воплощать новаторские идеи. На ее основе расширялось тематическое содержание литературы, повышались художественные уровни. В литературе тюркских народов место ранее написанных романтических произведений занимали произведения реалистической направленности, связанные с реальной жизнью, бытом, окружающей средой.

Период Танзимата, оказавший большое влияние на пробуждение духовной жизни турецкого общества, занимает особое место в истории турецкой литературы. Почти все поэты и писатели танзиматского периода были представлены интеллигенцией-западником, новатором, сторонником образования и науки. Одним из самых известных представителей этого периода был Н. Кемаль - поэт, писатель, журналист, драматург, критик, то есть многогранный. Н. Кемаль широко рассматривал в своих работах общественные, политические, социальные темы и, как и другие представители периода Танзимата, стремился спасти свою страну от отсталости, неграмотности, невежества. Поэтому в своих произведениях он обращал внимание на духовные ценности турецкого народа, пытался примирить религию и цивилизацию.

В данной статье рассматриваются понятия «родина, нация, свобода, равенство, образование», широко рассмотренные в произведениях Намыка Кемала, известного представителя Танзиматской литературы.

Ключевые слова: Н. Кемаль, танзиматская литература, родина, нация, свобода, образование.

G.T. Zhiyembayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

New solutions in the representative of Tanzimat literature Namik Kemal works

Abstract. The liberation and enlightenment movements of the late XIX-early XX centuries stimulated the growth of political, socio-social consciousness of the Turkic peoples. Poets and writers of that period tried with great enthusiasm to spread innovative ideas. On its basis, the thematic content of literature has expanded, and the artistic level has increased. In the literature of the Turkic peoples, the place of previously written romantic works was occupied by works of a realistic orientation related to real life, everyday life, and the environment.

The Tanzimat period, which had a great influence on the awakening of the spiritual life of Turkish society, has a special place in the history of Turkish literature. Almost all the poets and writers of the Tanzimat period were composed of representatives of the anti-Western, innovative, and scientific intelligentsia. One

of the most famous representatives of this period, N. Kemal, was a poet, writer, journalist, playwright, and critic, that is, a versatile “octagonal one-sided”. N. Kemal widely considered social, political, and social topics in his works and, like other representatives of the Tanzimat period, tried to save his country from backwardness, illiteracy, and ignorance. Therefore, in his works, he emphasized the spiritual values of the Turkish people and tried to unite religion and civilization.

In this article, considers the concepts of “homeland, nation, freedom, equality, and education”, which are widely considered in the works of Namik Kemal, a well-known representative of Tanzimat literature, are considered.

Keywords: N. Kemal, Tanzimat literature, Homeland, nation, freedom, education.

References

1. Tanpınar A.H. XIX asır Türk Edebiyatı Tarihi [History of Turkish Literature of the Nineteenth Century], (Istanbul, 2012), [in Turkish].
2. Türkiye Türk Edebiyatı [Turkish literature in Turkey], (Ankara, 2002), [in Turkish].
3. Dizdaroğlu H. Namık Kemal [Namık Kemal], (Istanbul, 1995), [in Turkish].
4. Türkler. 15 cilt [The Turks, 15 volumes], (Ankara, 2002), [in Turkish].
5. Shoqay M. Tanıdamalı. Volume II [Selected], (Almaty, 1999), [in Kazakh].
6. Kerman Z. Yeni Türk Edebiyatı İncelemeleri [Study of New Turkish Literature], (Ankara, 1987), [in Turkish].
7. Kaplan M. Şiir tahlilleri 1. Tanzimat’tan Cumhuriyet’e kadar [Poetic Analyses 1. From Tanzimat to the Republic], (Istanbul, 2008), [in Turkish].
8. Okay O. Türk Edebiyatı’nın Batılılaşması [Westernization of Turkish Literature], (Istanbul, 2005), [in Turkish].

Автор туралы мәлімет:

Жиембаева Гүлбаһрам Тұмарбекқызы – Ph.D., Түркітану кафедрасының доценті м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Zhiyembayeva Gulbakram Tumarbekkyzy – Ph.D., Acting Associate Professor, of the Department of Turkology of the , L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.